

жетелеген күйі, өзен жағасына келді –тым жақыннан көрінді. Қолын бұлғады. Ерікте ес қалмады. Суға түсердей болып, жағалауға мінбелей ынтыққан. «А, Құдай, араға айналсам екен, ара болып, арғы бетке ұшсам екен» деп, тізерлей отырып, қолын аспанға соза, бар болмысымен тіледі-ай, тұңғыш рет зар еңіреп жылады-ай... Құдайдың күдіретімен омарташы араға айналды... бірақ бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көкбас сонаға айналды. Айналуы сол екен, арғы жиектегі Қызға зымырай ұшқан. Ұшқан қалпы ғашығына жетіп, иығына қонды. Не болғанын білмей, сасып қалған Қыз қолындағы екі бүктелген қамшымен сескене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен «Ерік-Сона» қанатын серпуге шамасы жетпей, тырапай асып домалап түскен... мәңгілікке... Қатын суының айлағындағы керемет үй, көл-көсір байлық, қора толған мал, бал аралары иен қалды. Қалса – қалсын... көп ұзамай Қатынға тоған орнатылып, су көтерілгенде, бәрібір шіріп астында қалады...

Су астында Нюра Фадеевнаның жетімсіреген зираты да қалады... «НЕГЕ БІЗ ОСЫ...».Неге Ерік сонаға айналды? Автор мұны дүниеқоңыз адам тек сонаға ғана айнала алады деген ирониямен беріп отыр. Өйткені ендігі оның өмірінде мән жоқ. Қайтадан тіршілік бастай алмайды. Ал Таған мен Айнаның жан дүниесінде ұқсастық, қайырымдылық болғандықтан, екеуі үйленіп, өз әлдерінше тіршілікететін болады деген ой тастайды.

Романның екінші атауы «Қауіпті будан» болуы тегін емес, өйткені шексіз дүниеқоңыздыққа бой алдырған Ерік шетелдік араның қауіпті екенін біле тұра алдыртып, ақырында шешесінің беймезгіл өліміне себепші болады. Сонымен бірге Нюраның әкешесінің келісімін алмай, тұрмысқа шығуы, оған шешесінің лағынет айтуы, қарғыс дұға жасауы – осылардың бәрі жинақтала келе романның «Атау-кере» деп аталуына себеп болған.

Осы орайда орыс жазушысы Владимир Личутиннің «Бөкеевтік прозаның әуені мұңлылау әрі мұнтаздай болып келеді. Сондықтан әсері күшті: Жалғыз басты адам. Жалғыз киіз үй. Оқшау жаратылысты, оның үстіндегі күн және иесіне адал аттың жалғызсырай тықыршуы» деген сөзі есімізге түседі.

Адамзат құндылықтарының негізі – адамға және табиғатқа деген адамдардың құрметі мен махаббаты. Жеке адамның өмірінде кездесетін қандай да бір жағдай болмасын, оның басты себепшісі сол адамның өзі болып табылады. Сондықтан қос қаламгер әрбір адам әуелі туындаған проблеманы шешуден бұрын оның пайда болу себептерін анықтап алуы керек. Адамның сыртқы болмысты қалай түсініп, қабылдауы оның ойына, яғни ішкі жандүниесіне, яғни экзистенциясына байланысты болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бөкей О. Атау кере <https://kk.bookmate.com/books/YWmcHSZW>
2. Bubak J. Nazewnictwo literackie w utworach Mrożka, «Onomastica» 1993, XXXVIII, s.265

ӘОЖ 1751

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ–ТЕОРИЯЛЫҚ ОЙ-ШКІРЛЕРІ МЕН АҚЫНДЫҚ МҰРАСЫ

Қалмет Самал Бағдатқызы

breeze_rare@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің II курс магистранты,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р.Тұрысбек

Шығыс ойшылы Әл-Фарабидің әлемдегі ғылым атаулының бүкіл саласын қамтып зерттегеніне бізге келіп жеткен құнды ғылыми мұрасы айқын дәлел бола алады. Түркі, араб халықтарын былай қойғанда Еуропа, АҚШ сынды алпауыт елдердің ғылымы Фараби мұрасын бүгінгі күнге дейін жан-жақты зерттеп, тың жаңалықтар ашып келеді. Бұл Фарабитану ғылымының күннен-күнге қанат жайып, салалана дамып келе жатқандығының көрінісі.

Әл-Фараби мұрасын зерттеу ісі өз бастауын орта ғасырдан алады. X ғасырдың өзінде Ан-Надим, әл-Байһақи, XIII ғасырда әл-Қифти, XVII ғасырда Х.Халифа еңбектерінде ғұлама өмірі мен шығармашылығына қатысты бірқатар зерттеулер жүргізіліп, фарабитану ғылымының бастау негізі қаланды. Кейінгі дәуірлерде бұл қатарға Маймонид, Р.Бэкон, Л.Винчи сынды ғалымдарды қосуға болады. Ал, фарабитану ғылымының Еуропада кеңінен зерттелуі XIX ғасырдың орта тұсымен сәйкес келеді.

Бұл кезеңде И.Козегартен, Г.Зутер, Ф.Диетерици, К.Брокельман сынды неміс ғалымдарын, француз ғалымы – Р.Эрланжені айрықша атап өтуге болады. Еуропа ғалымдарымен қатар американдық – Дж.Сартон, Н.Решер де ғұлама мұраларын жан-жақты қарастырған ғалымдар болды.

Ал, түркі мен орыс халықтарының Фараби мұрасын зерттеу ісі бойынша алғашқы бағыты, негізінен, ғұлама еңбектерін орыс, өзбек, қазақ тілдеріне аударып, жариялау ісі болды.

Бұл бағыттағы ғалымдар қатарында – Е.Бертельс, В.Бартольд, Б.Ғафуров, С.Григориан, А.Сағадаев, А.Иванов сынды белгілі зерттеушілер болды.

Қазақстандық фарабиданудың қалыптасып дамуына Ә.Марғұлан, А.Машани, А.Көбесов, О.Жәутік бастамасымен құрылған Фарабитану тобының атқарған жұмыстары айрықша эсер етті. Бұған қоса, А.Қасымжанов, М.Бурабай, Ә.Нысанбай, Ә.Дербісалиев, А.Көбесов, Ғ.Сапарғали, т.б. ғалымдар өз үлесін қосты.

Аталған ғалымдар өз еңбектерінде Фарабидің әдебиет саласындағы мұраларына да біршама тоқталып өтеді. Әсіресе, Фараби трактаттарын аударып, жариялау ісі, оның өлеңдерін бастырып, отандық ғылымға Фараби есімін танытуда қазақ ғалымдары да айтарлықтай үлес қосты.

Фараби мұраларынан баса назар аударар бағыттардың бірі – оның әдебиет теориясына қосқан үлесін саралау, ақындық мұрасын қарастыру. Әдебиетке қатысты «Өлең өнерінің қағидаттары туралы», «Өлең өнері туралы», «Риторика туралы», т.б трактаттарының құндылығы бүгінгі күн тұрғысынан өзекті екені даусыз. Әдебиеттанушы ғалым Немат Келімбетов Фарабидің әдебиет теориясымен жан-жақты айналысқан ғалым екендігін ерекше атап өтеді [1, 157].

Фарабидің өзіне дейінгі Аристотель еңбектерін талдап, өлең құрылысын қарастырған еңбектерінің бірі - «Өлең өнері туралы» трактаты. Бұл араб поэзиясының теориялық жағын терең талдаған еңбек. Мұндағы ең басты қозғалатын мәселелер – өлеңнің мазмұны мен формасы, олардың арасындағы үндестік мәселелері, т.б.

Ал, «Өлең өнерінің канондары туралы» трактатында грек поэзиясының өлшеміне, жанр-терминдеріне тоқталады.

Келесі «Өлең кітабы» деп аталатын еңбегі Братислава университетінің кітапханасынан табылған шағын ғана еңбек. Ғалымдар бұл еңбектің толық нұсқасы емес, қысқартылып жеткен нұсқасы деген пікір айтады. Бұл еңбекте араб поэзиясының бәйітке, оның соңғы жолдарына баса мән берілетіндігі туралы, ұйқас өлшем ырғақ мәселелеріне назар аударады.

Н.Келімбетов өзінің «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты еңбегінде Фарабидің ежелгі дәуірдегі араб, парсы, грек поэзиясының тарихы, тақырыбы, композициялық құрылысы, өлшемі, шумағы, ырғағы, тармағы, буын-бунағы, ұйқасы мен тұлғасын әдебиетші ғалым ретінде терең зерттейтіндігін атап өтеді [1,159].

Фараби негізінен әдеби мәселелерді, оның ішінде поэтикалық туындыларды терең зерттеп, оны бірнеше түрге бөліп, поэтиканың талаптарын орынды көрсете білді. Поэтикалық туындылардың қызметін айта келіп: «Поэтикалық туындылар санамызда бір нәрсені анық елестету үшін жазылады», - деген ой қорытады [2, 225].

Ғалым «Өлең өнерінің қағидаттары» трактатында ақындар мен суретшілер шығармашылығы өзара байланыста екендігін, мұнда бейнелеу материалы әр түрлі болғанымен, олар бір шығармашылық мақсатта жұмыс істейтіндігін айтады.

«Поэзия өнері туралы» трактатында негізінен араб поэзиясына тән ерекшеліктер сөз болады: ұйқас, ырғақ, өлшем, образдылық, т.б. Әуен мен өлеңді бірге қарастыратын халықтардағы осы құбылыстың ерекшелігіне тоқталып, әуен мен өлең байланысына айрықша мән береді. Өлеңді музыкамен айтушылар ырғақты бұзып алмауға тырысатын болса, өлең өлшеміне де нұқсан келтіруден де сақтану қажет.

Фараби өлеңге 2 түрлі талап қояды: оның бірі өлшем болса, екіншісі - еліктеу (образдылық). Осы екі талаптың біреуі орындалмаса, өлеңді өлең деп қабылдауға болмайтындығын, тіпті артық болса да дұрыс еместігін айтады.

«Ғылымдардың жіктелуі» атты трактатында поэтиканың 3 түрлі мәселесін көрсетеді. Олар үш түрлі:

1. Өлең өлшемдерінің қарапайым және күрделі түрлері, буын және бунақ, олардың дыбыстық құрылымы, өлшемнің толымды және толымсыз түрлері, олардың ерекшеліктері;
2. Ұйқас түрлері, оның әрбір өлшемге тән болып келуі, т.б.
3. Поэзияда қолданылатын, прозада қолдануға болмайтын сөздер.

Ғұламаның поэзия өнеріне қатысы теориялық ой-пікірлерін «Музыка өнері» трактатынан да байқай аламыз. Әрине, музыка мен поэзия өнер деген үлкен материктің бөлшегі іспеттес [3, 25].

Поэзия да, музыка өнері де өнер саласының бірегей түрлері. Трактатында музыканттарды топқа бөлгені сияқты ақындарды да музыканттармен байланыста топқа бөледі [4, 86]. Өнер атаулының ішіндегі ең маңыздысы сөз өнері десек те, ғұлама музыка ғылымын сөз өнерімен бірлікте қарастырады.

Фараби музыкалық туындыларды өлең өнеріндегі поэмамен салыстыруға болатындығын, музыка саласына қатысты пікірлерін, әдіс-тәсілдерін поэзия саласында да қолдануға болатындығын ескертеді.

Музыка саласының айтулы теоретигі екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Ал, әдебиет саласында Аристотель еңбектерін талдау барысында тәжірибелі теоретик ретінде көрсеткенін, оның өзінің де поэзиямен айналысып, ақындық өнердің қыр-сырын жақсы түсінгенін аңғару қиын емес.

Ғұламаның поэтика саласын үш түрлі тұрғыдан сипаттауы да, оның басқа ғылым салаларымен тығыз байланыста екендігін нақтылайды. Әрине, алдымен поэтиканы тілтану саласымен, сосын логика, диалектика, софистика және риторика салалары бойынша қарастыру қажеттігін көрсетеді. Ал, соңғысы поэтика музыка саласының негізі тұрғысынан, анығырақ эстетика жағынан қарастырылады.

Акустика терминіне анықтама бергеннің өзінде музыка өнеріне баулығанда қолданылатын поэзия бөлімі деп анықтама береді. Ғұламаның музыкалық аспаптарда шебер ойнай білуі оның музыка теориясын жоғарғы деңгейде қалыптастыруына әсер етті.

Ал, Әл-Фарабидің әдебиет теориясына қатысты пікірлерінің, әсіресе өлеңге қатысты ойларының дөп түсуін ғалымдар оның ақындық талантымен байланыста қарастырады. Бізге жеткен өлеңдері аз көлемді болғанына қарамастан, ғұламаның ақындық қуатын еркін байқатады.

Бұған қоса, шетелдік әдебиетші ғалымдар мен ақындардың ерте ғасырлардан бастап Фарабидің ақындығы жөнінде біршама құнды деректер келтіруі оның өз заманында айтулы ақындардың бірі болғанын дәлелдей түседі.

«Әл-Фарабиан» атты еңбектің авторы А.М.әл-Аккад аптаның әр күнінде Сайф ад-Даула сарайына ақындар жиналып, мүшәйраға қатысатынын, бұл сайысқа жиі-жиі әл-Фараби де қатынасатынын жеткізеді. Сонымен қатар, бұл мүшәйраға тек сайыпқыран араб-парсы ақындары ғана қатысатындығын атап өтеді.

Ортағасырылық ақын Әбу Фирас поэзияны алтын түйеге балап, оның басы Фарабиге тиесілі екендігін айтып, осылайша оның ақындық ортада өз қатарластарынан әлдеқайда биік тұратындығын дәлелдеді.

Араб елінің ғалымы М.Ә.Раззақ та Фараби өлеңдерінің парсы және араб тілінде жазылған жырларынан үзінді келтіреді.

«Ғалымдар өмірінен ескерткіш» атты еңбектің авторы Ибн Халикан да еңбегіне 100-деген ғалым жайлы мәлімет беріп, оның ішінде Фарабиге ерекше тоқталады. Оның ақындық өнері болғандығын да жазып қалдырды.

Тағы бір араб тарихшысы Ибн Саид әл Кифти де Фараби өлеңдерінен үзінді келтіріп, ақын ретінде жоғары бағалады.

Бұған қоса, Ибн Усайба және Байхаки еңбектерінде де Фараби «ұлы ақын» ретінде бағаланды.

Түрколог-ғалым Е.Бертельс те өзінің тәжік пен парсы поэзиясының тарихына арналған еңбегінде Фарабидің еліне деген сағынышын бейнелейтін өлеңдерін енгізіп, оның бүкіл ғылым атаулыны түгел меңгергенін, ақындық өнерден де қалыс қалмағанын жазып, өз бағасын берді.

Фарабидің өз заманының айтулы ақыны болғандығын осы шетелдік әдебиетші ғалымдардың жазбалары толық дәлел бола алады.

Ал, қазақ ғылымында да он сегізінші ғасырдың өзінде-ақ Фараби есімі танылып, Қ.Тауасарұлының жазбаларынан, кейіннен М.Шоқай еңбектерінде айтылды.

1970 жылдардан бастап Әл-Фарабидің өлеңдері жарық көре бастады. Фараби өлеңдерін аудару ісінде біршама ғалымдар жұмыс жасады. Ақын өлеңдерін қазақ жұртшылығына көркем аудармасымен танытқан А.Нысаналин болса, Н.Келімбетов пен Ә.Дербісәлин жолма-жол аударма, А.Машанов еркін аударма жасады.

Фарабидің бізге жеткен поэзиялық мұрасының көлемі шағын болғанымен, ондағы айтылған ой мен көтерілген мәселе үлкен. Өлеңдерінің мән-мағынасы дидактикалық ой түйеге ықпал етеді, кей өлеңдері ақынның өз өмір жолынан хабар береді, енді бірі нағыз лирикалық түрде ішкі жан-тебірестерді қозғайды. Ғалым Немат Келімбетов өмірдің мәні, оқу-білімді, ғылымды мадақтау және адамгершілік – Фараби поэзиясының басты тақырыптары деген ой айтады. Профессор Алма Қыраубаева Фараби өлеңдерінен Шығыс өркениетінің далалығы мен өз күйінішін аңғаруға болады деген пікір білдіреді.

«Кешір мені туған жер» деп аталатын өлеңінде өзінің өмір жолын, өмірлік мақсатын анық көрсетеді. Туған жерін артқа тастап, алыс, бөтен елге аттанғанын, бірақ байлық пен атақ іздеп емес, білім, ғылым қуып кеткенін байқауға болады. Келесі бір өлеңінде туған жер алдындағы ақ сүтті ақтадым, Қыпшақ жерін сағынып, қайда жүрсе де осы құрметті атқа табындым деп тебіренеді.

Ақынның «Қашықтасың туған ел» деп аталатын өлеңінің негізгі түйіні – елге деген жүрекжарды сағыныш сезімі. Бұған қоса, тұрақсыз мінезді ақымақтарды, әкімдікке құмар көпшілікті көріп жаны түршігеді. Сонда да, болашақтан күдер үзбей, атар таңға үмітпен қарайды. Ақын өз өмірін қос шөлмекпен өткізгендігін, оның бірінде даналық үшін – көк сия, екіншісінде іштегі шерімнен айықтыратын шарап бар деген терең мәнді ой қозғайды.

Келесі бір өлеңі «Бауырым қанша сүйгенмен» деп басталады:

Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ.
Жататын дәйім жаңғырып,
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Бейопа мына заманда,
Бақұл боп кетер адамда.
Жұрт кілең күнін көп қызық,
Жіберер зая өткізіп.
Қағаздың түсіп бетіне,
Сызықтай бейне тартылған.
Тап болып, жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өтіне,
Қайыспай тұрса нар тұлғаң.
Сонда беріп кетеміз,
Жүректің оты молында.
Арманды аңсап өтеміз,
Біз ұлы мұрат жолында [5, 419-420].

Өмірдің өткінші екендігі, бұл жалғанның мәңгі емес екендігі – ақиқат. Ал, бұл ақиқатты кез-келген ақын, әсіресе, ұлы философ ақынның еске салуы заңды. «Пендеміз ғой...» деп өзінің қиғаш іс-әрекетін өзінің пенделігіне балап, шын мәнінде өзінің шындығын өзі мойындамайтын азаматтар қай қоғамда да болған, бола да берер. Сол себепті, Фарабидің бұл ғибраты қай дәуірде де өзектілігін жоймайды. Уақытты бос қызықпен өткізіп, бүкіл өмірдің қалай қолдан сусып кеткенін аңғармай қалатын адамдардың қатарынан болмай, керісінше өмірдің сынағына қайыспай қасқайып тұру – ұлы мұрат жолындағы бірден-бір міндет. Ақын өлеңінің түп төркіні де осында жатыр.

Тағы бір ескере кететін жайт Фараби өлеңдерінің философиялық астарына үңілгенде әр сөйлемі мен әр сөзіне жете мән берсек ғұламаның айтқысы келген ойы мен жеткізгісі келген түйінін табу қиын емес.

Ғылымның бүкіл саласын қамтыған Фараби еңбектері өзі туған түркі жұртында, өзі өмір сүрген араб елінде ғана емес, Еуропа, АҚШ, Канада, Қытай, Жапон елдерінде зерттеліп, фарабитану ғылымы күннен-күнге өрістеп, дамып келеді.

Қ.Көшербаев «Әл-Фараби әлемі және қазіргі Қазақстан» атты мақаласында Фараби феноменінің теңдесі жоқ құбылыс екендігін орынды атап көрсетеді [6, 2-3]. Оның ішінде, әдебиет саласына қатысты әдеби-теориялық ой-пікірлері, ақындық мұрасы да уақыт өткен сайын заман талабына сай жаңаша түрде зерттеу нысанасына айналууда.

Әсіресе, Фарабидің әдебиет теориясына қосқан үлесі әдебиет тарихында баға жетпес асыл мұра болып есептеледі. Оның өлең өнеріне қатысты трактаттары әдебиет теориясында қазірге дейін талқыланып, құндылығы артып келеді. Ғұламаның ақындық мұрасы, ондағы қозғалған мәселелердің бүгінгі күн тұрғысынан өзекті болуы да Фараби еңбектерінің өміршендігін дәлелдей түседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. - 336 б.
2. Әл-Фараби. Поэзия өнері туралы. - Алматы, 1972.
3. Әл-Фараби. Музыканың үлкен кітабы. - Алматы, 2008.
4. Көбесов А. Фараби және өлең өнері. - Алматы, 2004.

5. Әдеби жәдігерлер. 1-т.: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 504 б.
6. Көшербаев Қ. Әл-Фараби әлемі және қазіргі Қазақстан.//Егемен Қазақстан, №8

ӘОЖ 1751

МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ – ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУШІ

Қамбар Карина

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан қ-сы.,Қазақстан Республикасы.

Ғылыми жетекшісі: Мұсабекова Ү.Ә.

Биыл қазақ халқы үшін атаулы жылдың бірі десек артық айтқандық емес. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген кезеңде жыр жампозы – Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы да қатар келуде. Өлең-сөздің дүлдүлі атанып, қазақ халық поэзиясының бесігінде тербелген тарлан тұлға жайлы қанша дәріптесек те жарасады. Алып ақынның жүз жылға жуық соққан жүрегі елім, жерім деп жырлағаны белгілі. Оның шоқтығы биік, жігерлі шығармалары қазақ әдебиетінде мәңгі мұра болып сақталып қала бермек.

Жамбыл қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған ұлы тұлға. Ол жыраулардың соңғы тұяғы. Жамбыл тек жырау ғана емес, сонымен бірге жыршы әрі ақын. 19 ғасырдың жыршылық мұрасын жалғастырып, 20 ғасырда да қалың қазаққа көне дастан-қиссаларды, жыраулардың еңбектерін жырлай алған ұлы жыршы. Жамбылды осы ақындық қасиеттері үшін феномен тұлға деуімізге болады. 20 ғасырда қазақты әлемге танытқан Абай, Мұхтар Әуезовпен бірге Жамбыл Жабаевтың да орны айрықша болғанын ұмытпауымыз керек. Гректің Гомері бүкіл еуропалықтардың ең ұлы жырауы болса, жазушы Леонид Соболев оның жыршылығына таңданып, "жиырмасыншы ғасырдың Гомері" деп баға берген. Бабамыздың әдебиет өнеріндегі таланты шынымен де сан қырлы.

2016 жылы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұйымдастыруымен жыр алыбы Ж.Жабаевтың туғанына 170 жыл толуы құрметіне арналған «Жамбыл Жабаев - Ұлы Даланың алып жыршысы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның пленарлық мәжілісінде сөз сөйлеген қоғам және мемлекет қайраткері, белгілі ғалым, жазушы Мырзатай Жолдасбеков: «Есте жоқ ескі замандардан бергі ел тарихының көркем шежіресін жасаушылар да, оның сақтаушылары да ақын-жыраулар. Ғасырдан ғасырға ұласып, атадан ұрпаққа мирас болып жалғасқан қазақ сөз өнерінің айшықты бір саласын телегей-теңіз жыр тудырған сол ақын-жыраулар құрайды. Қазақ жыраулары тарихты түптен таратып айтатын шежірешілер, миллиондаған жыр жолдарын жадында сақтай алатын құдіреттер, Ұлы даланың көшпелі академиясы. Байтақ қазақ даласын жырға кенелткен, осы бір теңдесі жоқ биік өнерді биікке көтерген даңғыл жыраулардың ең соңғы үздігі Жамбыл. Ол эпик әрі айтыс ақыны, абыз жырау, жауынгер жыршы, шын мағынасындағы заңғар поэзияны жасаушылардың ең ұлысы. Жамбылдың құдіреті асқан шеберлігімен ғана емес, халық поэзиясының бұтақ жайған алып бәйтерегі болуымен де, халық ақындарының жаңа көшін бастаған дарабоздығымен де әлемді таң қалдырған болатын», - деп атап өтті [1,14-15].

Ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың ақындық мұрасын талдап тануға, зерттеп зерделеуге деген құлшыныс қай уақытта болмасын толастаған емес. Ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің бірі де бірегейі, белгілі ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков 20 ғ-дың 70-жылдары Жамбыл туралы бірнеше мақалалар жариялады. Олар: «Жүз